

Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 28 мамырдағы № 3/51 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 маусымда № 23093 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Маңғыстау облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы

М. Аманиязова

Н. Тумьшев

Маңғыстау облыстық мәслихатының

2021 жылғы 28 мамырдағы

№ 3/51 шешіміне

қосымша

Маңғыстау облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Маңғыстау ауданының елді мекендерінің аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы № 22/355 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2669).

2. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Маңғыстау ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары туралы" 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/445 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2945 болып тіркелген).

3. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Облыстық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 13/159 шешіміне қосымшаның 4 және 12 тармақтары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3438 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК